# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

26 қыркүйек 2023 жыл № 1112-23-00-2/2370 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Ақмола облысы денсаулық басқармасының жанындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«Интерсофт24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

**ШЕШТІ:**

Талап қоюшы Ақмола облысы денсаулық басқармасының жанындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Интерсофт24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Интерсофт24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Интерсофт24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.С.Бегенбаева

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 26.09.2023

Дата вступления в законную силу: 06.11.2023, судья Аймухамедов А. А., 30.11.2023

1112-23-3-1/2753